

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы « 13 » мамырдағы
№ 306 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 9 наурыздағы
№ 183 қаулысымен
бекітілген

Босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

босқын – нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам;

босқын куәлігі – босқынның жеке басын куәландыратын және мәртебесін растайтын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) беретін құжат;

жол жүру құжаты – босқын мәртебесі берілген адамға Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде жүріп-тұру үшін берілетін құжат;

пана іздеген адам – жергілікті атқарушы орган босқын мәртебесін беру туралы өздерінің өтінішхаты бойынша түпкілікті шешім қабылдағанға дейін Қазақстан Республикасында пана сұрауға тілек білдірген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

пана іздеген адамның куәлігі – босқын мәртебесін беру туралы өтінішхаттың тіркелгенін растайтын, жергілікті атқарушы орган беретін құжат; уәкілетті орган – босқындар мәселелері бойынша қатынастарды реттеу саласында басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы.

2-тарау. Босқын мәртебесін беру және ұзарту тәртібі

3. Босқын мәртебесін беру туралы шешімді жергілікті атқарушы орган босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат тіркелген күннен бастап үш ай ішінде қабылдайды.

Шешім қабылдау үшін қосымша тексеру қажет болған жағдайларда түпкілікті шешім шығару бір жылдан аспайтын мерзімге кейінге қалдырылады, бұл туралы тиісті шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде пана іздеп жүрген адамға хабарланады.

4. Босқын деп тану туралы шешімді жергілікті атқарушы орган адамға шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тапсырады немесе екі жұмыс күні ішінде жолдайды.

5. Босқын мәртебесі берілген адамға жергілікті атқарушы орган шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде босқын куәлігін береді.

Босқын деп танылған адамның отбасының он сегіз жасқа толмаған мүшелері туралы мәліметтер ата-анасының біреуінің босқын куәлігіне, ал ата-анасы болмаса заңды өкілінің босқын куәлігіне не отбасының он сегіз жасқа толған және отбасының он сегіз жасқа толмаған мүшелерінің жүріс – тұрысына, тәрбиесіне және оларды асырауға өз еркімен жауапкершілік алған бір мүшесінің босқын куәлігіне жазылады. Кейіннен көрсетілген адамдар он сегіз жасқа толған соң олардың еркін нысандағы жазбаша өтініші негізінде жергілікті атқарушы орган оларға босқын куәлігін береді.

Босқын деп танылған, он сегіз жасқа толмаған және Қазақстан Республикасының аумағына ата-анасынсыз немесе заңды өкілдерінсіз келген адамға да босқын куәлігі тапсырылады.

Босқын куәлігі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды болады.

6. Егер адам өзін босқын деп тану туралы шешімнің көшірмесі өзіне жіберілгеннен кейін үш айдың ішінде жергілікті атқарушы органға босқын куәлігін алуға келмесе және бұл адамның көрсетілген мекенжайда тұрмайтыны туралы хабарлама келіп түссе немесе осы адамның Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерге кеткені туралы ішкі істер органдарынан ақпарат не адамның Қазақстан Республикасынан тысқары жерде жүргенін растайтын басқа шынайы ақпарат алынса, жергілікті атқарушы орган өзінің босқын мәртебесін беру туралы шешімінің күшін жояды.

7. Босқын деп танылған адам босқын куәлігін алған кезде жергілікті атқарушы орган босқыннан оған бұрын берілген пана іздеуші адамның куәлігін алып, оны босқынның жеке ісіне қосады.

Босқын куәлігін алған кезде босқын деп танылған адамның ұлттық (азаматтық) паспорты және (немесе) жеке басын куәландыратын басқа да құжаттары осы адамның босқын деп танылу мерзіміне жергілікті атқарушы органда сақтауға қалдырылады.

8. Босқын куәлігі жергілікті атқарушы органда осы адамның босқын деп танылу мерзіміне тіркеледі.

Босқын Қазақстан Республикасының аумағындағы тұрғылықты жерін ауыстырған кезде оның жеке ісінің материалдары босқынның жаңа тіркелу орны бойынша жергілікті атқарушы органға жіберіледі.

9. Пана іздеген адамға Заңның 12-бабында көзделген негіздерге сәйкес босқын мәртебесін беруден бас тартылған жағдайда жергілікті атқарушы орган бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бас тартудың себебі мен қабылданған шешімге шағымдану тәртібін көрсете отырып, осы адамға шешімнің көшірмесін тапсырады немесе оның тұрғылықты жеріне жібереді, сондай-ақ қабылданған шешімнің көшірмесін ұсына отырып, ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшесін хабардар етеді.

10. Босқын мәртебесін беруден бас тарту туралы шешімге сотқа және (немесе) уәкілетті органға шағым жасалған кезде жергілікті атқарушы орган пана іздеген адамның куәлігінің қолданылу мерзімін шағымның қаралу кезеңіне ұзартады. Пана іздеген адам шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот қаулысын алған жағдайда пана іздеген адамның куәлігі жергілікті атқарушы органға тапсырылуға тиіс.

11. Босқын мәртебесі бір жыл мерзімге беріледі. Босқынның шыққан елінде Заңның 1-бабының 1) тармақшасында көзделген бұрынғы мән-жайлар сақталған кезде жергілікті атқарушы орган босқын мәртебесін бір жылға және босқынның көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін бір ай бұрын берілген өтініші негізінде әрбір келесі жылға ұзартады.

Мерзімді ұзартқан кезде жергілікті атқарушы орган босқынның босқын куәлігінің, тұруға ықтиярхатының (бар болса), жол жүру құжатының бар-жоғын тексереді, отбасылық жағдайының, отбасы құрамының, тұратын мекенжайының өзгерістері туралы деректерді нақтылайды және бұл өзгерістерді босқынның жеке ісіне енгізеді.

12. Босқын мәртебесін ұзартудан бас тартылған жағдайда жергілікті атқарушы орган үш жұмыс күні ішінде ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшесін қабылданған шешімнің көшірмесін ұсына отырып хабардар етеді, сондай-ақ босқын мәртебесін ұзартудан бас тартылған адамға қабылданған шешім мен босқын куәлігін жарамсыз деп тану туралы хабарламаны тапсырады немесе жібереді.

3-тарау. Босқын мәртебесінен айыру және оны тоқтату

13. Егер адам:

- 1) босқын мәртебесін беруге негіз болған көрінеу жалған мәліметтерді хабарласа не жалған құжаттарды ұсынса;
- 2) бейбітшілікке қарсы қылмысқа, әскери қылмысқа немесе адамзатқа қарсы қылмысқа қатысты шаралар қолдану мақсатында жасалған халықаралық актілерде осы әрекеттерге берілген анықтамадағы осындай қылмысы үшін сотталған болса;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін оның шегінен тысқары жерлерде жасаған саяси емес сипаттағы ауыр қылмысы үшін сотталған болса;
- 4) Біріккен Ұлттар Ұйымының және Қазақстан мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың мақсаттары мен қағидаттарына қайшы келетін әрекеттер жасағаны үшін сотталған болса;
- 5) террористік, экстремистік, сондай-ақ тыйым салынған діни ұйымдардың қызметіне қатысқаны үшін сотталған болса, жергілікті атқарушы органның тиісті шешімінің негізінде босқын мәртебесінен айырылады.

14. Жергілікті атқарушы орган босқын мәртебесінен айыру туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы адамға қабылданған шешімнің себебі көрсетілген және оған шағымдану тәртібі түсіндірілген шешімнің көшірмесін тапсырады немесе жібереді, сондай-ақ уәкілетті орган мен ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшесін қабылданған шешімнің көшірмесін ұсына отырып хабардар етеді.

15. Босқын мәртебесі, егер ұзартылмаса, қолданылу мерзімі өткен соң, сондай-ақ егер адам:

- 1) Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің азаматтығын алса және өзі азаматы болған мемлекеттің қорғауын пайдаланса;
- 2) өзін босқын деп тануға негіз болған мән-жайлар өзгергендіктен, бұдан әрі өзі азаматы болып табылатын елдің қорғауын пайдаланудан бас тарта алмайтын болса;
- 3) өзінің бұрынғы мемлекетінің жоғалтқан азаматтығын өз еркімен қайта қабылдаса;
- 4) өзі азаматы болған елдің қорғауын өз еркімен қайта пайдаланса;
- 5) өзіне босқын мәртебесін беру негіздері жойылғандықтан, шыққан еліне қайтып оралуға тілек білдірсе;
- 6) қудалау қаупінің салдарынан тастап шыққан немесе кетіп қалған еліне өз еркімен қайта оралса;
- 7) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кетсе, осы негіздемелер бойынша босқын мәртебесі тоқтатылады.

16. Адамның босқын мәртебесі тоқтатылған кезде жергілікті атқарушы орган босқын мәртебесінің тоқтатылу себебі мен оның басталу мерзімін көрсете

отырып, босқынның жеке ісіне белгі қояды, сондай-ақ бұл туралы ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшесін және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген болса, мәртебесі тоқтатылған адамды хабардар етеді.

Осы Қағидалардың 16-тармағында жазылған мән-жайлардың туындауы, атап айтқанда:

1) 1), 3) тармақшалар бойынша – тиісті азаматтық алған күні;

2) 2) тармақша бойынша – өзі азаматы болып табылатын елдегі, өзін босқын деп тануға негіз болған мән-жайлардың өзгергені туралы жергілікті атқарушы орган хабардар еткен күн;

3) 4), 6) тармақшалар бойынша – өзі азаматы болып табылатын елге өз еркімен қайта оралған күн;

4) 5) тармақша бойынша – босқынның өзінің шыққан еліне қайтуға ниет еткені туралы жергілікті атқарушы органды хабардар еткен күні;

5) 7) тармақша бойынша – Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұруға кеткен күн;

б) ұзартуға келмеген кезде – растаушы құжаттар ұсынылса, дәлелді себеп бойынша жағдайларды қоспағанда, босқын мәртебесінің мерзімі өткеннен кейінгі оныншы күн босқын мәртебесі тоқтатылуы басталған кез болып табылады.

17. Босқын куәлігі жоғалған жағдайда куәліктің иесі жергілікті атқарушы органға оның жоғалуы және телнұсқа беру туралы өтініш береді. Жергілікті атқарушы орган өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей босқынға босқын куәлігінің телнұсқасын береді, онда «Телнұсқа» деген мөртабан қойылады.

18. Жергілікті атқарушы органының босқын мәртебесін беруден, ұзартудан бас тарту немесе босқын мәртебесінен айыру туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

19. Босқын мәртебесін беруден бас тартылған пана іздеген адамдар мен олардың отбасы мүшелерінің, сондай-ақ босқын мәртебесін жоғалтқан немесе босқын мәртебесінен айрылған адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу уақыты Қазақстан Республикасының шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылатын заңнамасымен реттеледі.

20. Жергілікті атқарушы орган босқын мәртебесін беру, оны ұзарту, одан айыру және оны тоқтату не босқын мәртебесін беруден бас тарту туралы ақпаратты осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналға енгізеді.

Босқын мәртебесін беру,
ұзарту, одан айыру және
оны тоқтату қағидаларына
қосымша

**Босқындарды, сондай-ақ босқын мәртебесін беруден бас
тартылған адамдарды есепке алу журналы**

Р/с №	Тегі, аты, әкесі нің аты (бар болса)	Туған күні және туған жері	Азамат тығы	Отбасылық жағдайы	Қабылданған шешімнің №, күні			Бас тарту туралы қабылданған шешімнің №, күні		Босқын мәртебе сі тоқтаты лған күн	Ескер тпе
					беру тура лы	ұзар ту тура лы	айы ру тура лы	беру ден	ұзарту дан		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
